**Астана қаласы әкімдігінің «№115 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ
2025–2026 оқу жылындағы
«Адал Азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасының
Қаңтар айында атқарылған іс-шаралары туралы**

# А Н Ы Қ Т А М А

**Қаңтар айы: «Заң және тәртіп»**

Қаңтар айында мектепте «Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының «Заң және тәртіп» бағыты аясында жоспарға сәйкес бірқатар тәрбиелік маңызы жоғары іс-шаралар ұйымдастырылды.
Айлықтың негізгі мақсаты – білім алушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру, заң талаптарын құрметтеуге баулу, қоғамдық тәртіпті сақтау жауапкершілігін арттыру, еңбекке адалдық пен азаматтық ұстанымды нығайту болды. Сонымен қатар оқушылардың зияткерлік, шығармашылық және кәсіптік белсенділігін дамытуға басымдық берілді.
Ай бойы өткізілген іс-шаралар төмендегідей:

1. «Заі және тәртіп» айының ашылуы. Астана қаласы Нұра ауданы прокуратурасының бөлім прокуроры Ақылова Камила Еркінқызының қатысуымен «Адал азамат» тұжырымдамасы аясында 10-11 сынып оқушыларымен мазмұнды кездесу өткізілді. Кездесу барысында ішкі істер қызметкерлері оқушыларға заң алдындағы жауапкершілік, тәртіп пен құқықтық мәдениет, адалдық пен әділдік құндылықтары жөнінде жан-жақты мағлұмат берді.
https://www.instagram.com/reel/DTaopXfCF5v/?igsh=Y3VmZDV5ajFqd3Vt

2. «Мамандық марафоны» конкурсы
(«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы)
Қаңтар айында мектепте «Мамандық марафоны» конкурсы өткізілді. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың әртүрлі мамандықтарға қызығушылығын арттыру, еңбек дағдыларын дамыту және WorldSkills халықаралық конкурсына дайындық элементтерін енгізу болды. Байқау барысында қатысушылар өз шеберліктерін көрсетіп, практикалық жұмыстар орындады. Атап айтқанда, ағаштан бұйым жасау, макет дайындау, техникалық элементтер құрастыру сияқты жұмыстар жүзеге асырылды.
Іс-шара оқушыларды еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа, тәртіп сақтауға және мамандық таңдауда жауапкершілікке тәрбиелеуге ықпал етті.
https://www.instagram.com/reel/DTj3yNmiDDh/?igsh=MWtndmhqeTgya2lobA==

3. «Жылы сөз айту» күні
(«Қамқор» жобасы)
Аға тәлімгер мен мектеп парламентінің ұйымдастыруымен «Жылы сөз айту» күні өткізілді.
Іс-шараның мақсаты – білім алушыларды мейірімділікке, қамқорлыққа және өзара сыйластыққа тәрбиелеу. Оқушылар бір-біріне, ұстаздарына және мектеп қызметкерлеріне ізгі тілектерін білдіріп, жылы лебіздерін жеткізді.
Шара мектеп ұжымында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыруға және адамгершілік құндылықтарды нығайтуға бағытталды.
https://www.instagram.com/reel/DTe_YqriE7n/?igsh=MnptMzB1b3k3czY5

4. «Қар десанты» акциясы
(«Қамқор» жобасы)
Қаңтар айында мектеп аумағында «Қар десанты» акциясы ұйымдастырылды.

Акция барысында оқушылар мектеп ауласын қардан тазалау жұмыстарына белсенді қатысты. Іс-шараның мақсаты – білім алушыларды еңбекке баулу, тазалық сақтауға және қоғамдық мүлікке жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу болды.
Аталған шара оқушылардың ұйымшылдығын арттырып, тәртіп пен жауапкершілік сезімін нығайтты.
https://www.instagram.com/reel/DT0BwqhCNjK/?igsh=cG1nY3E3bjM4bTJ4

5. TEDx форматындағы кездесулер
(«Шабыт» жобасы)
Қаңтар айында оқушылар арасында TEDx форматында кездесулер ұйымдастырылды.
Іс-шара барысында білім алушылар өз ой-пікірлерін ортаға салып, түрлі әлеуметтік және тәрбиелік маңызы бар тақырыптарда сөз сөйледі. Бұл алаң оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашуға, аудитория алдында сенімді сөйлеуге және көшбасшылық қасиеттерін дамытуға мүмкіндік берді.
Кездесу барысында тәртіп, заңға құрмет, адалдық және жеке даму мәселелері кеңінен талқыланды.
https://www.instagram.com/p/DT9jn-BiIc5/?igsh=MW5ucWhnN3JobDlneA==

6. «Көрнекі сот отырысы» зияткерлік ойыны
(«Ұшқыр ой алаңы» жобасы)
Мектептің дебат клубының жетекшілігімен «Көрнекі сот отырысы» зияткерлік ойыны ұйымдастырылды.
Ойын барысында оқушылар сот процесінің үлгісін көрсетіп, әртүрлі рөлдерді (судья, прокурор, қорғаушы, куәгер) орындады. Қатысушылар құқықтық жағдаяттарды талдап, дәлелдер келтіріп, өз ұстанымдарын қорғады.
Іс-шара оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, әділдік қағидаларын түсіндіруге және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталды.
Инстаграм желісіне жариялау сілтемесі:
https://www.instagram.com/reel/DUGY7EkCGqI/?igsh=MXdrZWlnYjBmanVqcw==

7. «Қазақ есебі» челленджі
(«Шабыт» жобасы)
Математика пәні бірлестігінің ұйымдастыруымен «Қазақ есебі» челленджі өткізілді.
Челлендж аясында оқушылар ұлттық мазмұндағы математикалық есептерді шығарып, логикалық тапсырмаларды орындады. Іс-шара білім алушылардың ойлау қабілетін жетілдіруге, математикалық сауаттылығын арттыруға және ұлттық құндылықтарға қызығушылығын дамытуға бағытталды.
https://www.instagram.com/reel/DUS8JSriP95/?igsh=N2Q5Yno1aGx4dHR3

8. «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» конкурсы
(«Smart bala» жобасы)
Информатика пәні бірлестігінің мұғалімдері ұйымдастырған «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» конкурсы өткізілді.
Конкурс барысында оқушылар білім беру үдерісін қолдауға бағытталған робототехникалық жобаларын ұсынып, өз жұмыстарын қорғады.
Іс-шара білім алушылардың инновациялық ойлауын дамытуға, техникалық шығармашылығын арттыруға және ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етті.
**https://www.instagram.com/reel/DTfjt5mCF3n/?igsh=aDJtemNzdmtoNGcw**

9. «Әжемнің әңгімесі» мектепішілік жобасы

(«Балалар кітапханасы»)
Қаңтар айында бастауыш сынып оқушыларының қатысуымен «Әжемнің әңгімесі» жобасы енгізілді.
Жоба аясында әжелер мектепке шақырылып, оқушыларға ертегілер айтып, қазақ фольклорының тәрбиелік мәні түсіндірілді.
Іс-шара бастауыш сынып оқушыларын кітап оқуға баулуға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге және мектеп пен отбасы ынтымақтастығын арттыруға бағытталды.
https://www.instagram.com/reel/DT__YjLCIr6/?igsh=MW51YnluZmx0MTZobQ==

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қаңтар айында «Заң және тәртіп» бағыты аясында өткізілген барлық іс-шаралар жоспарға сәйкес жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Іс-шаралар білім алушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға, тәртіп сақтауға, жауапкершілік сезімін арттыруға, еңбекке құрметпен қарауға және шығармашылық белсенділігін дамытуға оң әсерін тигізді.

Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер, пән бірлестіктері және мектеп парламенті бірлесіп, тәрбие жұмысының сапалы жүзеге асырылуын қамтамасыз етті.

**Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:** ____________________

**БЕКІТЕМІН**

Астана қаласы әкімдігінің
«№115 ЖОББМ» КММ
директоры
Ж.Қ. Рахметова

«26» желтоқсан 2026 ж.

**«Адал Азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасының әлеуметтік жобалар мен іс-шаралардың қаңтар айындағы жоспары**

**Қаңтар айы: «Заң және тәртіп»**

| № Іс-шара саны | Айы | Жоба атауы | Іс-шара атауы | Жауаптылар | Іс-шара өткізу формасы | Есептің түрі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Қаңтар | Еңбегі адал – жас өрен | «Мамандық марафоны» конкурсы | Директордың тәрбие жөніндегі орынбасарлары, кәсіптік бағдарлаушы | Әр түрлі салададағы ең жақсы маманды анықтауға арналған конкурс (WorldSkills халықаралық конкурсына дайындық). Қатысушылар өзінің шеберлігін көрсетеді (мысалы, бұйым жасау барлық жағдайда ағаш) | instagram желісіне фото және видео анықтамасымен жүктеу |
| 2 | | Қамқор | «Жылы сөз айту» күні | Аға тәлімгер, Мектеп парламенті | Оқушыларды мейірімділікке, қамқорлыққа тәрбелеу мақсатында жылы лебіз білдіру | instagram желісіне фото және видео анықтамасымен жүктеу |
| 3 | | Қамқор | «Қар десанты» аясында djkjynthk3r ‘cnfatnf | Директордың тәрбие жөніндегі орынбасарлары, Мектеп парламенті | Оқушыларды жауапкершілікке, тазалық сақтауға тәрбиелеу мақсатында мектеп аумағында қар тазалауға шығу | instagram желісіне фото және видео анықтамасымен жүктеу |
| 4 | | Шабыт | TEDx форматта кездесулер өткізу | Директордың тәрбие жөніндегі орынбасарлары, | Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашуға, аудитория алдында сенімді сөйлеуге баулу мақсатында | instagram желісіне фото және видео анықтамасымен |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | кәсіптік бағдарлаушы | ашық алаң өткізу | жүктеу |
| 5 | | Ұшқыр ой алаңы | «Көрнекі сот отырысы» зияткерлік ойыны | Мектептің дебат клубының жетекшісі, дебат қатысушылары | «Көрнекі сот отырысы» ұйымдастыру. | instagram желісіне фото және видео анықтамасымен жүктеу |
| | | Шабыт | «Қазақ есебі» челленджі | Математика пәні бірлестігі | Математика сабақтарында челлендж ұйымдастыру | instagram желісіне фото және видео анықтамасымен жүктеу |
| 6 | | Smart bala | «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» конкурсы | Информатика пәні бірлестігінің мұғалімдері | мектебіміздің оқушылары білім беру үдерірісін қолдауға бағытталған робототехникалық жобаларын ұсыну | instagram желісіне фото және видео анықтамасымен жүктеу |
| 7 | | Қамқор | Мектептің әлеуметтік желісіндегі жарияланым | кәсіптік бағдарлаушы, сынып жетекшілер | Білім алушылардың әртүрлі мамандық өкілдерімен сұхбат дайындауы және мектептің әлеуметтік желілерде жариялауы | instagram желісіне фото және видео анықтамасымен жүктеу |
| 8 | | Балалар кітапханасы | «Әжемнің әңгімесі» мектепішілік жобасын енгізу | Бастауыш сынып оқушыларын ертегі оқуға баулу, қазақ фольклорының тәрбиелік мәнін ашу | Бастауыш сынып оқушылары мен әжелерді кездестіріп, мектеп пен отбасы ынтымақтастығын арттыру | instagram желісіне фото және видео анықтамасымен жүктеу |